



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2019 жылдың 14 маусымы

KASE 2019-2021 жылдарға даму стратегиясын қабылдады

2019 жылдың 28 мамырында Қазақстан қор биржасы Директорлар кеңесі KASE 2019-2021 жылдарға даму стратегиясын бекітті. 2019-2021 жылдарға жоспарланған негізгі мақсаты Қазақстан қор биржасының лидерлік ұстанымын Қазақстан биржасы кеңістігінде қолдау көрсету болып табылады.

Биржа отандық қор нарығында қазақстандық компанияларға қаржы тартудың тиімді тетігін қалыптастыру, жеке және халықаралық инвесторлар үшін тартымды жағдайлар жасау және халықаралық стандарттарға сәйкес қабылданған қызметтерге сәйкес биржалық қызметтің толық түрлерін көрсету бойынша жұмыстарды жалғастырады.

KASE даму стратегиясында төрт негізгі даму бағыты анықталды: Сауда-саттық клирингілік жүйені және тиісті ақпараттық жүйені IT-жаңғырту, барлық биржалық нарықта биржалық мәмілелер бойынша есептеулер аяқталуына кепілдік беру мақсатында орталық контрагент (әрі қарай – ОК) қызметін іске қосу, қаржы құралдарының кең ауқымын енгізу және жаңа технологияларды пайдалану, сондай-ақ Биржаның инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында тұрақты дамудың қағидаларын енгізу.

Қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында "Мәскеу биржасы" (MOEX) БАҚ стратегиялық ынтымақтастық аясында бірқатар іс-шаралар өткізілді. Биржаның IT-жаңғырту бағдарламалық қамтамасыз етуі қор, жедел және валюталық нарықта MOEX сауда-саттық-клирингілік жүйесіне (СКЖ) көшу арқылы жүзеге асырылады. Бұл техникалық сенімділігі мен биржалық инфрақұрылым өнімділігін арттыруға, операциялық тәуекелді төмендетуге, жаңа сауда-саттық режимін енгізуге, сауда-саттыққа қатысушылар санын арттыру мақсатында СКЖ қосуға стандартталған арналарды пайдалану және нарықтық ақпарат алмасудың сертификатталған хаттамаларын енгізу болып табылады.

MOEX СКЖ ауысу ЕврАзЭС аясында KASE нарығының бірігуіне ықпал етеді және қазақстандық ұйымдастырылған қаржы нарығында ресейлік инвесторлардың кіруін айтарлықтай жеңілдетеді.

ОК қызметін KASE биржалық нарығында іске қосудағы мақсаты нарықтың өтімділігі өсіміне әсер ету, қатысушылардың несие тәуекелін төмендету, мәмілелер бойынша есептесулердің аяқталуына кепілдеме беру, қатысушылардың кросс-маржалау және неттинг есебінен транзакциялық шығындарын қысқарту, бірегей тәуекел-менеджменті жүйесін енгізу.

ОК енгізу нәтижесінде Биржа сауда-саттық және клиринг қатысушылары санының өсуін, клирингілік және сауда-саттық қатысушыларды бөлу мүмкіндігін, KASE клиенттік базасын кеңейтуді күтуде.

Үшінші стратегиялық бағыт акциялар нарығында өтімділік өсіміне бағытталған, бағалы қағаздар нарығына қайта шығару облигациялар нарығын дамытуды банктік несиелендіруге балама ретінде ынталандыру, қор нарығында инвестициялау процесіне қызығушылығын арттыру, институционалдық инвесторлардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту және шетелдік қатысушыларды тартуды қарастырады. Бұл міндетті шешуге қаржы нарығын әрі қарай дамыту, шетелдік валюталар нарығы және хеджерлеу құралдарын енгізуге бағытталған деривативтер нарығын белсендендіру және репо мәмілелері құралдарын пайдалану мәселелері ықпал ететін болады.

Биржалық бизнесті дамытудың жаңа векторы Стратегия аясында KASE тұрақты дамуына ықпал ететін және оның инвестициялық тартымдылығын арттыратын, корпоративтік басқару жүйесін жақсарту, бизнесті жүргізуде экологиялық стандарттарды енгізу болып табылады.

Тәуекел, ішкі бақылау және аудит сапасын басқаруды жақсарту, бизнесті жүргізудегі экологиялық стандарттарды енгізу, қызметінің айқындылығын арттыру және әлеуметтік жауапкершілікті арттыру Биржаның стратегиялық және бәсекелестік артықшылықтарын нығайтуға ықпал етеді.

Стратегияны табысты жүзеге асыру қазақстандық биржалық нарыққа әлемдік салалық стандарттарға жетуге көмектеседі, Биржаның отандық компаниялардың қаржы тартуы үшін тиімді алаңы болуына мүмкіндік береді, KASE барлық нарығында сауда-саттық көлемінің өсуіне және барлық мүдделі тараптардың осы нарыққа деген сенімін арттыруына жағдай жасайды.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS), БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД елдерінің қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орында.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz